

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл және ақшаны қолма-қол ақшаға айналдыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 14 қазандағы № 1171 Қаулысы

**Ескерту. Заңның жобасы ҚР Парламентінің Мәжілісінен кері қайтарып алынды - ҚР Үкіметінің 2012.01.16 N 56 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл және ақшаны қолма-қол ақшаға айналдыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

*К. Мәсімов*

Жоба

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ**

**ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңсыз**

**жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және**

**терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл және ақшаны қолма-қол**

**ақшаға айналдыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу**

**туралы**

**1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:**

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 5-6, 24-құжат; № 17-18, 241-құжат; № 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 33-құжат; № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 25-құжат; № 5, 30-құжат; № 11, 56, 64, 68-құжаттар; № 14, 109-құжат; № 15, 122, 139-құжаттар; № 18, 142-құжат; № 21-22, 160-құжат; № 23, 171-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 55-құжат; № 15, 86-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139, 140-құжаттар; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 7-8, 19-құжат; № 9, 26-құжат; № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 21-22, 86, 87-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 19, 20-құжаттар; № 3, 22

-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72, 77-құжаттар; № 13, 85, 86-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 98, 102-құжаттар; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 16, 18-құжаттар; № 3, 20, 23-құжаттар; № 4, 28, 33-құжаттар; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 13, 99-құжат; № 15, 106-құжат; № 16, 131-құжат; № 17, 136, 139, 140-құжаттар; № 18, 143, 144-құжаттар; № 19, 146, 147-құжаттар; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 12, 48, 51-құжаттар; № 13-14, 54, 57, 58-құжаттар; № 15-16, 62-құжат; № 20, 88-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 21-құжаттар; № 9-10, 47, 48-құжаттар; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 15-16, 70, 72, 73, 74, 75, 76-құжаттар; № 17, 79, 80, 82-құжаттар; № 18, 84, 86-құжаттар; № 19, 88-құжат; № 23, 97, 115, 117-құжаттар; № 24; 121, 122, 125, 129, 130, 133, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1, 4, 5-құжаттар; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 8, 41-құжат; № 9, 44-құжат; № 11, 58-құжат; № 13, 67-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112, 114-құжаттар; № 20-21, 119-құжат; № 22, 128, 130-құжаттар; № 24, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7, 9-құжаттар; № 2, 19-құжат; 25-құжат; 26-құжат; 28-құжат; № 3, 32-құжат; № 6, 50-құжат; № 8, 64-құжат; 2011 жылғы 13 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тексерілетін субъектілерге қойылатын талаптарды белгілейтін нормативтік құқықтық актілерді қабылдауға уәкілетті мемлекеттік органдардың және Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреттерін қайта қарау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 161-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«161-1-бап. Төлем карточкаларын пайдалана отырып, төлемдерді қабылдаудан бас тарту немесе төлем карточкаларын пайдалана отырып, төлемдерді жүзеге асыруға арналған тиісті жабдықтың (құрылғының) болмауы

1. Төлем карточкаларын пайдалана отырып, сауда операцияларын жүзеге асыру (қызметтер көрсету) кезінде оларды қабылдауға міндетті сауда (қызмет көрсету) ұйымдарының төлемдерді қабылдаудан бас тартуы, - дара кәсіпкерлерге айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде және заңды тұлғаларға – елуден бір жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Төлем карточкаларын пайдалана отырып, төлемдерді қабылдауға міндетті сауда (қызмет көрсету) ұйымдарында Қазақстан Республикасының аумағында сауда операцияларын жүзеге асыру (қызметтер көрсету) кезінде төлем карточкаларын пайдалана отырып, төлемдерді жүзеге асыруға арналған тиісті жабдықтың (құрылғының) болмауы, -

дара кәсіпкерлерге алпыс, заңды тұлғаларға – жүз жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайта жасалған іс-әрекет, - дара кәсіпкерлерге жетпіс, заңды тұлғаларға – бір жүз қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескертпе. Осы бапта көрсетілген сауда (қызмет көрсету) ұйымдарына санатын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар ж а т а д ы . » ;

2) 203-бап мынадай редакцияда жазылсын:  
«203-бап. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде төлемдерді жүргізу бойынша белгіленген ш е к т е у л е р д і б ұ з у

Заңды тұлғалардың азаматтық-құқықтық мәміле бойынша басқа заңды тұлғаға бір мың айлық есептік көрсеткіштен астам сомаға қолма-қол тәртіппен төлемді жүзеге а с ы р у ы , -

төлемді жүзеге асырған заңды тұлғаға төлем сомасының бес пайызына дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

3) 570-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:  
«1. Салық қызметі органдары осы Кодекстің 88 (үшінші, төртінші және бесінші бөліктерінде), 88-1 (екінші, үшінші бөліктерінде), 163 (бірінші, екінші, бесінші және сегізінші бөліктерінде), 161-1 (екінші, үшінші бөліктерінде), 166, 205 – 212, 213 (бірінші – үшінші бөліктерінде), 215 – 218, 218-1 (бірінші – алтыншы, сегізінші бөліктерінде), 219, 357-2 (бірінші бөлігінде), 358, 358-1, 360-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.»;

4) 570-1-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:  
«1. Қаржы полициясы органдары осы Кодекстің 140 (бірінші бөлігінде), 141, 159 (бірінші бөлігінде), 161 (бірінші және екінші бөліктерінде), 161-1 (бірінші бөлігінде), 164, 165, 169-1, 176 (бірінші бөлігінде), 205 (бірінші, екінші, төртінші және бесінші бөліктерінде), 207, 212, 215, 358-361-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.»;

5) 636-баптың бірінші бөлігінің 1) тармақшасының отыз төртінші абзацы мынадай р е д а к ц и я д а ж а з ы л с ы н :

салық қызметі органдарының (154, 155, 156, 157, 163 (үшінші, төртінші, алтыншы, жетінші және тоғызыншы бөліктері), 163-4 (үшінші және төртінші бөліктері), 168-1, 203, 213 (төртінші – алтыншы бөліктері), 214, 218-1 (жетінші бөлігі), 357-1, 357-2, 357-5, 359, 361, 374 (бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы бөліктері), 532-535-б а п т а р ) ; » .

2. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 22-I, 22-II, 112-құжат;

2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 17, 82-құжат ; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 29-құжаттар; № 11, 58-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; № 22, 130, 132-құжаттар; № 24, 145, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; 2011 жылғы 13 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тексерілетін субъектілерге қойылатын талаптарды белгілейтін нормативтік құқықтық актілерді қабылдауға уәкілетті мемлекеттік органдардың және Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреттерін қайта қарау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 257-бап мынадай редакцияда жазылсын:  
«1. Қосылған құн салығы, егер:

1) осы тармақшада өзгеше көзделмесе, салық салынатын айналым мақсаттарында пайдаланылмайтын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді.

Қосылған құн салығы, егер ол салық салынбайтын айналымның мақсаттары үшін пайдалануға арналған (пайдаланылған), оның болуына байланысты салық төлеуші осы Кодекстің 260 және 261-баптарына сәйкес барабарлық әдісті қолданған (қолданатын) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алуға байланысты төленуге жататын болса, есепке жатқызылады;

2) негізгі құралдар ретінде сатып алынатын жеңіл автомобильдерді;

3) шот-фактурада көрсетілген, осы Кодексте белгіленген талаптар сақталмай жазып берілген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алуға байланысты төленуге жататын болса;

4) төлемнің мерзімділігіне қарамастан, қосылған құн салығын ескере отырып, қолма-қол ақшамен есеп айырысатын шот-фактурасында көрсетілген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтердің төлемі республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және шот-фактура жазылған күнге қолданыстағы айлық есептік көрсеткіштің 1000 еселік мөлшерінен асатын болса есепке жазылмайды және осы Кодекстің 100-бабының 12-тармағында белгіленген тәртіппен ескеріледі.

2. Мүлікті (тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз негізде алған кезде осындай мүлікті алған тұлға осындай мүлікті өтеусіз берген тұлғаның төлеуіне жататын қосылған құн салығының сомасын есепке жатқызбайды.»;

2) 260-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Салық салынбайтын айналымдардың мақсаттары үшін пайдаланылатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша өнім берушілерге төленуге жататын және импорт бойынша қосылған құн салығы осы Кодекстің 257-бабы 1-тармағы 1) тармақшасының екінші бөлігінде көрсетілген жағдайларды қоспағанда, есепке жатқызылмайды.».

3. «Ақша төлемі мен аударымы туралы» 1998 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 11-12, 177-құжат; № 24, 445-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2003 ж., № 4, 25-құжат; № 10, 49, 51-құжаттар; № 15, 138-құжат; 2004 ж., № 23, 140-құжат; 2005 ж., № 14, 55-құжат; 2006 ж., № 11, 55-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 7, 28-құжат) :

1) 11-баптың 2-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-1. Санаттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін сауда (қызмет көрсету) ұйымдары Қазақстан Республикасының аумағында сауда операцияларын жүзеге асыру (қызметтер көрсету) кезінде төлемдерді төлем карточкаларын пайдалана отырып қабылдауға және сауда операциялары жүзеге асырылатын (қызметтер көрсетілетін) жерлерде төлем карточкаларын пайдалана отырып, төлемдерді қабылдауға арналған тиісті жабдықтың (құрылғының) орнатылуын қамтамасыз етуге міндетті.» ;

2) 21-баптың 4-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4-1 Заңды тұлғалардың арасындағы сомасы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және төлем жасалған күнге қолданыстағы айлық есептік көрсеткіштің 1000 еселік мөлшерінен асатын мәмілелер бойынша төлемдер тек қана қолма-қол ақшасыз тәртіппен жүзеге асырылады.» .

4. «Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» 2009 жылғы 28 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 19, 87-құжат; 2010 ж., № 7, 32-құжат):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

«10) заңсыз жолмен алынған ақшаны қолма-қол ақшаға айналдыру – ақшаны заңдастыруға (жылыстатуға) бағытталған жасанды мәміле жасау кезінде жалған құжаттарды пайдалану жолымен қолма-қол ақша алу мақсатында жеке және заңды тұлғалар жасайтын іс-қимылдар» ;

2) 4-баптың 4-тармағында:

«табылады.» деген сөз «табылады;» деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) ол заңсыз жолмен алынған ақшаны қолма-қол ақшаға айналдыруға бағытталған деп ұйғаруға негізі бар операцияны жасау.» .

**2-бап.** Осы Заң алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК